

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ  
6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша докторант Бағда Сағынайқызы  
Жұмақанованың философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін  
«*Thymus L.* өсімдігінің кейбір түрлеріне фитохимиялық талдау және  
фитосубстанция алу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісі, Фармацевтика ғылымдарының кандидаты  
Алия Аманбаевна Кесикованың

## П І К І Р І

Бағда Сағынайқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы осы күнгі еліміздегі көкейкесті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және әсері жоғары дәрілік заттармен қамтамасыз ету, оларды іздеу, отандық өсімдік субстанцияларын фармацевтикалық өңдеу арқылы дәрілік препараттардың үлесін арттыруға негізделген. Сонымен бірге, ҚР Мемлекеттік бағдарламасының «Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» аясында «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар» бөліміндегі елімізде өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалана отырып, препараттар өндірісін ұйымдастыру мәселесімен де үйлестік табады.

Бағда Сағынайқызының диссертациялық жұмысының тәжірибелік бөлігі С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде орындалды. Диссертация нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдарының сенімділігі мен негізділігі заманауи спектрлік және хроматографиялық зерттеу, фармакопоялық аналитикалық әдістер мен биологиялық қауіпсіздігін бағалау әдістерін қолдана отырып жүргізілген эксперименттік зерттеулердің дәлелдемелік бағасымен расталады.

Зерттеу барысында Қазақстан республикасы аумағында өсетін *Thymus L.* туысының екі түріне: *Thymus marschallianus* және *Thymus seravschanicus* салыстырмалы аспектіде фитохимиялық талдаулар жүргізілді және фармакопоялық сападағы өсімдік субстанциялары алынып, биологиялық белсенділік профилі зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша *Thymus seravschanicus* өсімдік субстанциясының биологиялық белсенділігінің басымдылығы анықталды. Фармацевтикалық өндірісте практикалық маңызы жоғары өсімдік субстанциясы ретінде *Thymus seravschanicus* экстрактысын өндірудің тәжірибелік-өндірістік регламенті және нормативтік құжат жобасы әзірленді.

*Thymus seravschanicus* өсімдік субстанциясын фитохимиялық талдау және қауіпсіздігін анықтау нәтижелері фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасының оқу процесіне енгізілді.

*Thymus seravschanicus* өсімдік субстанциясының антиоксиданттық, антибактериялық және фунгицидтік белсенділіктерін зерттеу нәтижелері Люблин қаласы Медицина университетінің (Польша) фармацевтикалық микробиология кафедрасының оқу процесіне енгізілді.

Жұмақанова Б. С. 2011 жылдан 2021 жылға дейін «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығында» ШЖҚ РМК сарапшы қызметінен бастап жоғары лауазымдағы қызметтерді атқарды. Сонымен қатар, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ «Инженерлік пәндер мен тиісті практикалар» кафедрасында ассистенттік қызметін атқару барысында мастер-класс және тренингтерде дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды Қазақстан республикасы және ЕАЭО шеңберінде тіркеуде практикалық білімін студенттермен бөлісе білді.

Қазіргі уақытта шетелдік фармацевтикалық компанияда тіркеу, қайта тіркеу және сертификаттау бөлімінің жетекшісі қызметін атқаруда.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен ғылыми деректері 9 ғылыми еңбекте жарық көрді:

- Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала -1;

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар - 4;

- Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы тезистер мен мақалалар (Қырғызстан, Украина, Қазақстан) - 3;


- пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патенттері – 1.

Бағда Сағынайқызы өзіне қоятын жоғары талабымен, еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарын іске асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Бағда Сағынайқызы Жұмақанованың «*Thymus L.* өсімдігінің кейбір түрлеріне фитохимиялық талдау және фитосубстанция алу» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді, авторы Бағда Сағынайқызы Жұмақанова философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,  
Фармацевтика ғылымдарының  
кандидаты



А.А. Кесикова